



АЭС – ҚАУІПСІЗ
ЭЛЕКТР ҚҰАТЫ

5-БЕТ | ҚОҒАМ



АЛТЫН ҚОЛДЫ
ДӘРІГЕР

7-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



ТЕАТР – ЖҮРТҚА
ОЙ САЛАТЫН ОРТА

8-БЕТ | РУХАНИЯТ

✓ **6 қазан**
октябрь

ӘРКІМНІҢ ДАУЫСЫ МАҢЫЗДЫ!

РЕФЕРЕНДУМ

www.election.gov.kz

№118
(4706)
Бейсенбі
3 қазан
2024 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



Президент Жарлығымен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына атсалысқан азаматтар марапатталады.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Астана қаласында өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының жүлдегерлері, олардың жаттықтырушылары, сондай-ақ халықаралық спорт шарасын ұйымдастыруға және өткізуге ерекше үлес қосқан азаматтар мемлекеттік наградалармен марапатталды. Көшпенділер ойындарын ұйымдастыруға және үздік нәтиже көрсеткен спортшылар қатарынан 1 адам «Парасат» орденімен және 7 азамат «Құрмет» орденінің кавалері атанды. «Ерен еңбегі үшін» медалі – 85, ал «Шапағат» медалі 5 адамға берілді.



Астана аумағын абаттандыру ережелеріне өзгерістер енгізіліп, 13 жаңа тармақ қосылды.

Ереженің жаңа жобасында қалалық мәслихат депутаттарының, Қоғамдық кеңес мүшелерінің, коммуналдық және басқа да мүдделі ұйымдардың көтерген ұсынысы ескерілді. Құжатқа контейнерлік алаңды және қоқыс контейнерлерін күтіп-ұстауға қойылатын санитарлық және экологиялық талаптарға қатысты нормалар енгізілген.

6-БЕТ | МӘСЛИХАТҚА – 30 ЖЫЛ

ҚАРТТАРҒА ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КӨРСЕТТІ

Халықаралық қарттар күніне орай елорданың белсенді волонтерлері қала зейнеткерлеріне азық-түлік себеттерін таратуды ұйымдастырды. Игілікті іс-шараны «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілері жүзеге асырды. Олар қаладағы жалғызбасты қарттарға, мүгедектігі бар зейнеткерлерге ең қажетті азық-түлік өнімдері мен тұрмыстық тауарлар салынған мерекелік себеттерін сыйлады. Мерекемен құттықтап, қайырымдылық танытқан жастарға зейнеткерлер алғыс айтты.



АҚЫЛЫ ТҰРАҚ ОРНЫ 10 МЫҢҒА ЖЕТЕДІ

Елордадағы ақылы тұрақ орындарының саны 10 мыңға дейін жетеді. Бұл туралы қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы мәлім етті.

«Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шартына сәйкес, 10000 ақылы тұрақ орнын іске қосу көзделді. Бүгінгі таңда 7200-ден астам ақылы тұрақ енгізілді. Олар әлеуметтік нысандар мен үйлердің ауласы жанында орнатылмайды» деп жазылған басқарма ақпаратында.


Басқарма мәліметі бойынша ақылы тұраққа төленген ақшаның 25 пайызы қала бюджетіне түседі. Бұл қағидат 2038 жылға дейін жұмыс істейтіні айқындалған.

Алдағы жексенбі, 6 қазанда референдум өтуіне байланысты елордада демалыс күндері өтетін өңірлердің ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі 12-13 қазан күндері ұйымдастырылады.

Қала әкімдігінің мәлімдеуінше, жәрмеңкеде Батыс Қазақстан, Павлодар, Алматы, Жетісу өңірлерінің аграрлары өнімдерін ұсынады. Жәрмеңке Қарқаралы тасжолындағы «Қазанат» ипподромына қарама-қарсы орында өтеді. Тұрғындар мен қонақтарға ыңғайлы болу үшін жәрмеңкелерді өткізу кезеңінде

№18, 37, 303, 323 автобус маршруттары қатынайды. Жәрмеңкелер 27 қазанға дейін өтеді.





ҚЫТАЙ ХАЛҚЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан азаматтарының және жеке өзінің атынан Си Цзиньпин мен қытай халқын ҚХР-дың құрылғанына 75 жыл толуымен құттықтады деп хабарлады Ақорданың баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы құттықтау жеделхатында ел бірлігі мен тұтастығының бірегей нышаны саналатын бұл күннің орны ерекше екеніне тоқталды. Сонымен қатар Қытайды әлемдегі көшбасшы әрі жаһандық орнықты дамуға, халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікті

қамтамасыз етуге зор үлес қосып отырған қуатты мемлекет ретінде атап өтті.

Президент Қазақстан мен Қытай арасындағы сан қырлы ынтымақтастық стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамып келе жатқанына назар аударды. Екі елдің мызғымас

достық пен тату көршілікке негізделген байланысы қос халықтың игілігі жолында ұдайы нығая беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Си Цзиньпиннің аса жауапты қызметіне толайым табыс, ал достас қытай халқына бақ-береке тіледі.

ДАУЫС БЕРУ БАРЫСЫН КІМ БАҚЫЛАЙДЫ?

Орталық референдум комиссиясының хатшысы Мұхтар Ерман 2024 жылдың ведомство отырысында Қазақстанда 6 қазанда өтетін АЭС құрылысы бойынша референдумның барысын кім қадағалайтынын айтты.

Мұхтар Ерман 30 қыркүйекте Астана уақытымен сағат 18:00-де шет мемлекеттерден, халықаралық ұйымдардан байқаушыларды, шетелдік БАҚ өкілдерін референдумға аккредиттеу аяқталғанын атап өтті.

«30 шет мемлекеттің, оның ішінде 4 ірі халықаралық ұйымның атынан 177 байқаушы аккредиттелген. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 5 ірі халықаралық ұйымға, соның ішінде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ, ТМД, ШЫҰ, ОТГ және СВДМА сияқты референдумды байқауға қатысуға шақыру жіберді. 17 қыркүйекте біз ЕҚЫҰ-ның демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросынан алдағы айларға жоспарланған сайлауға байланысты іс-шаралардың көптігін ескере отырып, 6 қазандағы референдумға мониторингті бастау мүмкін еместігі туралы жауап алдық» деп атап өтті М.Ерман.



Референдум барысын ТМД, ШЫҰ, ОТГ және АӨСШК сияқты халықаралық ұйымдардың өкілдері бақылайды.

Сыртқы істер министрінің орынбасары Роман Василенко референдумды 37 елден 200

шетелдік журналист бақылайтынын айтты.

3 қазанда Орталық сайлау комиссиясы Қазақстанда атом электр стансасының құрылысына қатысты референдумның қалай өтетінін айтты.

ӘУЕ КОМПАНИЯЛАРЫНА ҰСЫНЫС БЕРІЛДІ

Қазақстандық әуе компанияларына Таяу Шығыстағы жағдайға байланысты бағыттарды өзгерту ұсынылды. 2 қазанда Қазақстан Көлік министрлігінің баспасөз қызметі Таяу Шығыстағы жағдайдың нашарлауына байланысты маңызды мәлімдеме жасады.

Ведомствонң Telegram-каналында жарияланған хабарламада мамандар әуе компанияларына ұсыныстар береді: «Таяу Шығыстағы жағдайдың шиеленісуіне байланысты қазақстандық авиакомпанияларға Иранның әуе кеңістігін айналып өтуге немесе баламалы бағыттарды таңдауға, сондай-ақ тиісті өңірде ұшу бойынша бұрын жолданған нұсқаулар мен ұсыныстарды басшылыққа алуға ұсынылады».

Бұған дейін Ішкі істер ми-

нистрлігіне де өтініш берген болатынбыз. Олар Қазақстанда полицияның патрульдік маршруттары синагогалар мен израилдік дипломатиялық нысандарға жақын екенін мәлімдеді.

2024 жылдың 1 қазанына қараған түні Израиль армиясы Ливанның оңтүстігінде құрлық операциясының басталғанын хабарлады. Иран кейін Израильге қарай 500-ге жуық зымыран ұшырды. ЦАХАЛ өкілі Даниэль Хагари зымырандардың бір бөлігі атып түсірілгенін, бірақ «біраз

соққылар болғанын» айтты.

Израиль Сыртқы істер министрлігі бұл оқиғаны бейбіт тұрғындарға бұрын-соңды болмаған шабуыл деп атады. Армия шабуылдың «салдары болады» деп уәде берді.

«Біздің жоспарларымыз бар, қашан және қажет жерде әрекет етеміз» деді Даниэль Хагари.

Біраз уақыттан кейін Израиль билігі Иранның жаппай шабуылынан кейін жергілікті тұрғындарға бомба қоймаларынан шығуға рұқсат берді.

ҮКІМЕТАРАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

ҚР Үкімет басшысы Олжас Бектенов Еревандағы Еуразиялық үкіметаралық кеңес отырысына қатысты.

Олжас Бектенов ЕАЭО-ға қатысушы елдердің үкіметтері басшыларымен одақтың цифрлық күн тәртібін «Заманауи цифрландыру – төрт еркіндікті қамтамасыз ету императиві» үшінші Еуразиялық экономикалық форумы аясында талқылады. Бұл туралы ҚР Үкіметінің баспасөз қызметі мәлім етті.

Экономикалық үдерістерді цифрландыру перспективалары талқыланған Еуразиялық эконо-

микалық форумның пленарлық отырысына Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан үкіметтерінің басшылары, сондай-ақ Иранның бірінші вице-президенті қатысты.

«Премьер-министр өз сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ЕАЭО шеңберінде цифрландыруды дамытуға ерекше көңіл бөліп отырғанын атап өтті. Форумда қазақстандық тарап қатысушы елдер арасында мемлекетара-

лық деректер мен электронды құжаттар алмасуға мүмкіндік беретін одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін толыққанды енгізу қажеттігін атап өтті» делінген хабарламада.

ЕҰАК отырысында шағын және кеңейтілген құрамда сауда, көлік және логистика, АӨК салаларындағы өзара іс-қимылды одан әрі нығайтудың бірлескен шаралары қаралды.



БАС ПРОКУРОР МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ

Қазақстанның Бас прокуроры Берік Асыллов өз мәлімдемесінде балалардың арасындағы суицид толқыны қоғамда резонанс тудырғанын айтты.

«Балалардың өзіне-өзі қол жұмсау толқыны қоғамда резонанс тудырды. Прокурорларға әр факт бойынша шаралар тергеуді ерекше бақылауды тапсырдым. Жалпы әлеуметтік желілер балалардың суицид белсенділігіне әсер ететіндіктен прокурорлар 15 мың зиян сайт пен сілтемені бұғаттауға қол жеткізді. Сондай-ақ прокурорлар қиын тұрмыстық жағдайдағы отбасылармен жұмыс істеп

жатыр. Бас прокуратура мемлекеттік органдармен бірлесіп, суицидтің алдын алу бойынша шұғыл шаралар кешенін әзірлейді» деп жазды Б.Асыллов.

2024 жылдың 12 қыркүйегінде Алматыда 12 жасар қыздың 13-қабаттан секіргені хабарланған. 16 қыркүйекте екі қыз көпқабатты үйден құлап мерт болды. 21 қыркүйекте тағы бір суицид болды: Бостандық ауданында

жасөспірім қыз 13-қабаттың балкониынан құлап кетті. 22 қыркүйекке қараған түні Достық даңғылында ҰҚК Шекара академиясының 19 жастағы курсанты көпқабатты үйдің жоғарғы қабатынан құлап қайтыс болды. Ал 23 қыркүйекте Алматыдағы зәулім ғимараттан 18 жастағы жасөспірім секіріп кеткен. 25 қыркүйекте Алматыда AlmaU студентінің өлі табылғаны белгілі болды.

ЕРЕЖЕЛЕРГЕ ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНДІ

Қазақстанда Ішкі істер министрінің 2024 жылғы 26 қыркүйектегі бұйрығымен жол қозғалысы ережелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Жол қозғалысы ережелері «электромобиль» жаңа тұжырымдамасымен толықты: электр қозғалтқышымен жабдықталған және басқарылатын, өз энергиясын аккумуляторлардан, резервуарлардан немесе отын элементтерінен алатын және тек сыртқы электр энергиясы көзінен зарядталатын автокөлік құралы.

Ереже сондай-ақ электрмен жүретін көліктерді электр жабдықталған орындарда зарядтаусыз қоюды көздейтін тармақпен толықтырылды. Сонымен қатар ережеде қозғалтқышы жұмыс істеп тұрған электр көлігін қоюды қоспағанда, тұрғын үй

аумағында қозғалтқышы жұмыс істейтін автокөлікті қоюға тыйым салынады. 23 жасқа толған және кемінде 3 жыл жүргізуші болып жұмыс істеген тұлғаларға жолаушыларды тасымалдауға арналған және 8-ден астам отыратын орны бар көлік құралдарында жолаушыларды тасымалдауға рұқсат етілетіні нақтыланды, жүргізуші орындығы – «D» санаты, оның ішінде «D1» санатындағы көлік құралдарында жүргізуші тәжірибесі кемінде 1 жыл.

Велосипед жолағындағы қозғалысқа қатысты тармақ өзгерді. Жаңа нұсқада 7.14 белгісі бар 4.5 белгісімен белгіленген велосипед жо-

лағы бар жолдарда қозғалыс жүргізілмейді және бұл жолаққа басқа көліктер тоқтамайды деп көрсетілген. Сонымен бірге көлік құралдарын пайдалануға рұқсат берудің негізгі ережелерінде көлік құралдарына мынадай белгі орнатылатынын көрсетілген: «газ жабдығы бар автомобиль» – қара жиегі жоғары қара түсті тең бүйірлі үшбұрыш түрінде, оның ішінде қара түспен леп белгісі мен «ГАЗ» сөзі жазылған (үшбұрыштың қабырғасы екі жүзден кем емес) миллиметр, шекараның ені бүйірдің 1/10 бөлігі) – газ жабдығы бар автокөліктердің артында. Бұйрық 2024 жылғы 11 қазанда күшіне енеді.



ИНВАТАКСИ САНЫ АРТТЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында қалада инваксии санының үш есеге артқанын мәлімдеді.

«Мүмкіндігі шектеулі жандармен және қоғамдық ұйымдардың өкілдерімен, сол сияқты ерекше балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналармен тұрақты түрде кездесіп тұрамын. Бірлесе отырып, ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өмір сүру жағдайын жақсартамыз.

Кездесуде инваксии, халықтың қауқары аз топтары үшін қолжетімді орта, тротуарлар мен аялдамалардың

ыңғайлылығы және т. б. мәселелерді талқылады. Жаңа қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды, жаяу жүргіншілер тротуарлары мен жолдарды абаттандыру барысында барлық санаттағы адамдардың мүддесін ескереміз.

Сондай-ақ маңызды мәселе – инваксии. Жыл сайын инваксии санын көбейтіп жатырмыз. Мәселен, бұрын 50 көлік болса, алғашқы кезеңде 113 көлікке дейін арттырдық. Қазір инва-

таксии саны – 147. Бірақ бұл да қаланың қажеттілігін толық қамти алмайды. Сол себепті олардың санын арттыруды әрі қарай да жалғастырамыз.

Сонымен қатар мектептер мен балабақшаларда инклюзияны қолдау кабинеттерін ашуды, осы санаттағы адамдармен жұмыс істеу үшін мамандарды оқытуды жалғастырамыз. Колледж базасында ерекше қажеттіліктері бар балаларды жаңа мамандықтар бойынша оқытамыз.

Кездесу барысында көтерілген мәселелерді шешу жұмысы қолға алынды» деп жазды елорда әкімі.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ҚУАНЫШЫ



Халықаралық қарттар күніне орай Астана әкімдігінде мерекелік іс-шара өтті. Астана әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен бұл басқосуға Ақмола, Целиноград кезінде, сондай-ақ жаңа астанамыз Арқаға көшіп келгеннен кейін Астана қаласының әкімдігінде қызмет істеген зейнеткерлер қатысты.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Зейнеткерлерге тамаша мерекелік көңіл күй сыйлаған іс-шараға қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдаулет Әлмұханов қатысып, бас қаладағы барлық қарттарды мерекесімен құттықтады. Сонымен қатар қарттарға ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тілеген басқарма басшысы қала әкімі Жеңіс Қасымбектің қарттардың тұрмысына көңіл бөліп, олармен кездесіп, айтқан талап-ұсынысын да ұдайы назарға алып отыратынын жеткізді.

«Қаламыздың өсіп-өркендеуіне

барлығыңыздың сіңірген еңбегіңіз зор. Елордада әр саланың дамуында сіздер төккен тер бар. Кейінгі жас ұрпақтар қарттарымыздың сіңірген еңбегін биік бағалай білуі керек. Үлкенге ізет болмаса, кішіге құрмет болмайды. Қаламызда белсенді өмір сүру орталығы құрылғаннан бері қарттарымыз қалада ұйымдастырылған іс-шараларға белсене қатысуда. Орталыққа барып жүрген қарттардың көңіл күйі де көтеріңкі екенін біз де байқап жүрміз. Осындай қуанышты күндер көп болсын» деді Нұрдаулет Әлмұханов.

– Еңбек жолым Астанада өтті. Бүгін бұрын бірге қызмет істеген азамат-

тарды көріп, өзара қауқылдасып қуанып жатырмыз. Қартын сыйлаған халықтың қасиеті бөлек, осы іс-шараны ұйымдастырған азаматтарға, оған қуатты қолдау көрсеткен қала әкімдігіне, әкімге көп рақмет, – деп қарт зейнеткер Роза Иманғалиқызы ақ жарма алғысын білдірсе, бас қаладағы белсенді өмір сүру орталығының директоры Мұхтар Еркетеаев қаламызда зейнеткерлердің күндерін көңілді өткізуіне жақсы жағдай жасалғанын айрықша атап өтті.

– Бас қаламызда тек Халықаралық қарттар күнінде ғана емес, басқа да мереке-мейрамдарда қарттарға үлкен сый-құрмет көрсетіп жатады. Бұл іс-шара да сол құрметтің жалғасы деп ойлаймын. Осының бәрі – бейбіт заманның арқасы. Қаламызда белсенді ұзақ өмір сүру орталығы құрылғаннан бері зейнеткерлердің бір-бірімен қарым-қатынасы күшейе түсті. Қазір 5 ауданда оның бөлімшелері жұмыс істеп тұр. Осы орталықтарға күніне 4000-ға жуық адам келеді. Зейнеткерлерге 20 түрлі қызмет көрсетіледі. Зейнеткерлер қала басшыларымен кездесіп, өздерінің ұсыныс-талабын, елдің дамуына, қоғамдық жағдайдың жақсаруына қатысты өз ойын ортаға салып жатады. Демек, қарттарымыз да қала өмірінен сырт қалып жатқан жоқ, – деді ол.

Айта кетейік, бүгінгі таңда Астанада 120 мыңнан астам зейнеткер тұрады. Оның ішінде 106807 адам – жасы бойынша зейнетке шыққандар, 13074-і – еңбек өтілі бойынша зейнеткер (әскери құрылымдар), 8-і – Екінші дүниежүзілік соғыс ардагері, 1473-і – тыл ардагері.

АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Елордадағы Қазақстан халқы ассамблеясының ардагерлеріне Халықаралық қарттар күнінде құрмет көрсетілді.

Құттықтау сөз сөйлеген Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары – ҚР Президенті Әкімшілігі Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов аға буын өкілдерін мерекемен құттықтады.

Елордалық ассамблеяда 100-ден астам ардагер бар, олар жастарға тәрбие берудің, патриотизмге баулудың, белсенді өмір ұстанымын қалыптастырудың жарқын үлгісін көрсетіп келеді.

Қалалық Қазақстан халқы ассамблеясы ардагерлеріне арналған



«Біз жастарға үлгі» фотокөрмесінің салтанатты ашылуы өтті. Іс-шарада аға буын өкілдері алғыс хатпен марапатталды. Мәселен, этносаралық бірлікті дамытуға, рухани келісім мен

достықты нығайтуға қосқан үлесі үшін Петр Иванов, Күләш Коспармакова, Галина Кондратьев, Әлихан Наврузов Қазақстан халқы ассамблеясының алғыс хатымен марапатталды.

ҚАЛАМГЕРЛЕР ҚАУЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Елордада 19-23 қыркүйек күндері «Алтын қалам» атты астаналық қаламгерлердің семинар-форумы өтті. Қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының «Руханият» мекемесі Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалымен бірлесіп ұйымдастырған бұл іс-шара кеше Е.Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның концерт залында түйінделді. Оған Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов бастаған мәслихат депутаттары, қаламгерлер қауымы қатысты.



– Бүгінгі және болашақ ұрпаққа ұлттық құндылықтарымыз бен салт-дәстүрлерімізді, тағылымды тарихымызды табыстауымыз керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жазушылар одағының XVI құрылтайына қатысушыларға жолдаған құттықтауында «Сөз құдіреті халықтарды ыдырата да, біріктіре де алады» деп айтты. Президент өз сөзінде көркем сөз халқымыздың тарихи жады мен рухани құндылықтарын сақтауға, тамыры берік әрі санасы сергек ұрпақ тәрбиелеуге тікелей

ықпал ететінін атап өтті. Осы орайда қазір жаһандану әсеріне берілмей, ұлттық бірегейлігімізді қалай сақтайтынымыз туралы ойлануымыз керек. Сондықтан жазушылардың бірлігі мен мемлекет мүддесіне беріле қызмет етуінің маңызы ерекше, – деді Есет Байкен.

Жиында Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов, көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлен Әбдік, басқа да қаламгерлер әдебиет, кітап, қоғамның беталысы төңірегіндегі ойларымен бөлісті.

МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫМЕН ПІКІР АЛМАСТЫ

Астанадағы №1 қалалық балалар ауруханасында алдағы референдумға орай халықтық штаб өкілдері АЭС туралы ақпараттық-түсіндіру кездесуін өткізді.

Райхан РАХМЕТОВА

Жиынға Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, қоғам қайраткері Ирак Елекеев, Ядролық физика институтының аға ғылыми қызметкері, Phd Дмитрий Шлимас және аурухананың медициналық персоналы қатысты.

«Медицина өкілдерімен кездесулер өткенде олардың бұл тақырыпты жақсы түсінетіні аңғарылады. Себебі радиация мәселесі оларға жақсы таныс. Осы бағыттағы ақпараттарды да тез түсініп, бірден қабылдайды. Жалпы халықпен кездесулер барысында көбі Балқаштың қауіпсіздігіне, оның бүлінбейтініне алаңдайды. АЭС – өте қауіпсіз электр көзі, оның құрылысында қауіпсіздіктің барлық талабы қарастырылған, яғни тек ауаға ғана емес, сонымен бірге суға да, айналасына да зиянды заттар тасталмайды. Сонымен қатар егер референдумда оң шешім қабылданса, АЭС-ті кім салатынын да көп сұрайды. Станса салуға үміткер болып отырған 4 ел арнайы келіп салатын стансалардың ерекшелігін, артықшылығын, салу мерзімі мен құрылыс сапасын таныстырды. Олардың біреуін тандағанда барлық артықшылығы назарға алынады, жан-жақты сарапталып, ең тиімді нұсқа алынады. Қазіргі таңда Қазақстанның бірқатар көршісінде

АЭС бар, тіпті Өзбекстанның өзі референдумсыз атом электр стансасын Ресейге салдыратын болып шешім қабылдады» дейді Д.Шлимас.

Қазақстанда 2035 жылға қарай электр энергетикасы бойынша 26,5 ГВт жаңа генерация енгізіледі. Соның ішінде ЖЭК үлесі – 36%, ГЭС үлесі – 12%, газ арқылы – 27%, көмір арқылы 17% болса, АЭС арқылы алынатын электр энергиясы 9% болады. Осы ауруханада сәуле диагностикасы бөлімшесінде рентгенолог болып 30 жылдан бері істейтін Махаббат Жапарова мұндай кездесулер ұжымдағы қызметкерлер үшін АЭС бойынша біршама тың ақпарат алуға мүмкіндік бергенін жеткізді.

«АЭС салу мәселесінде халық арасында түрлі пікір бар, көбі ғаламтордан көріп, оқып алады, дегенмен ең дұрысы саланың өз мамандарынан естіген жөн. Бастысы – бізде таңдау мүмкіндігінің болуы. Алдағы 1-2 жылды емес, 10-20 жылдан кейінгі болашағымызды ойласақ, әлемнің көшінен қалмай жаңа энергия көзін өзімізден өндіру ісін қолдауымыз керек деп санаймын. Оның үстіне, энергия тапшылығынан сыртқа шығындағып отырмыз, соның орнын толтырып, өз атом энергетикамызды дамысақ дұрыс болады» дейді №1 балалар ауруханасының рентгенологы Махаббат Жапарова.

№118 (4706) 03/10/2024 Бейсенбі

ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАЛАДЫ?

Астанада тұтынушылардың құқығын қорғау жұмысы заңнамада көрсетілген талаптар бойынша жүргізіледі. Елорданың коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында қалалық Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің басшысы Нұрғали Егембердиев осы бағытта қандай шаруалар жүзеге асырылып жатқаны туралы мәлімдеді.

Департамент басшысының айтуынша, тұтынушылардың құқығы мен оларды қорғау мәселелері 2010 жылғы 4 мамырдағы «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңымен реттелді.

– Тұтынушының құқығы мен заңды мүддесі бұзылған жағдайда, тұтынушы сатушыға құқықтар мен заңды мүдделердің бұзылуын жою және тұтынушыға тауардың (жұмыстың, көрсетілетін қызметтердің) кемшіліктері салдарынан осы бұзушылықтармен келтірілген залалды ерікті тәртіппен өтеу туралы шағыммен жүгінуге құқылы. Тұтынушының сатушыға шағым, егер мұндай мекенжайды бұрын сатушы көрсетсе, қолма-қол тапсырылады не тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта жөнелтімі нысанында не сатушының электрондық поштасының мекенжайы бойынша жіберіледі. Сатушы тұтынушының шағымын қарауға және тұтынушының талаптарымен келіспеген жағдайда тұтынушының шағымын алған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде жоғарыда баяндалған тәсілдермен дәлелді жазбаша жауап беруге міндетті, – деді ол.

Айтуынша, сатушының күнтізбелік 10 күн мерзімде тұтынушының құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарды жою туралы шағымға жазбаша жауап беру жөніндегі міндеттерді орындамауы ҚР ӘҚБтК-нің 190-бабы (6-бөлігі) бойынша «ескерту» түріндегі әкімшілік жауапқа әкеп соғады.

– Тұтынушының шағымна жазбаша жауап бермеу бөлігінде құқықтар мен заңды мүдделерді бұзғаны үшін «ескерту» түрінде 73 кәсіпкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Әкімшілік



жаза қолданылғаннан кейін 1 жыл ішінде қайталап жасалған жағдайда жеке тұлғаларға – 10, ЖК субъектілеріне – 20, ОК субъектілеріне – 30, ІК субъектілеріне 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады, – деді департамент басшысы.

Тұтынушылардың құқығын қорғау саласында департамент ӘҚБтК-тің 190 (бесінші және алтыншы бөліктерінде), 193-баптарында (бірінші бөлігінде) көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды. Н.Егембердиевтің айтуынша, сатып алушылардың өтініші негізінде 14 кәсіпкер Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

– ӘҚБтК-нің 193-бабының 4-бөлігі бойынша Қазақстан Республикасының аумағында бағалар жапсырмасымен ресімделген, сауда объектісінің ішкі және сыртқы витриналарында қойылған тауарды бағасын теңгемен көрсетпей өткізу не Қазақстан Республикасының аумағында құны бағалар жапсырмасымен ресімделген бағадан асатын, сауда объектісінің ішкі және сыртқы витриналарында



Тұтынушының шағымна жазба жауап бермеу бөлігінде құқықтар мен заңды мүдделерді бұзғаны үшін «ескерту» түрінде 73 кәсіпкер әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін 1 жыл ішінде қайталап жасалған жағдайда жеке тұлғаларға – 10, ЖК субъектілеріне – 20, ОК субъектілеріне – 30, ІК субъектілеріне 50 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады

қойылған тауарды өткізу не Қазақстан Республикасының аумағында жария шарт талаптары бойынша тауарды өткізген кезде оның бағасын теңгемен көрсетпеу шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 6, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 10, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 30 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. Осылайша, айыппұлдың жалпы сомасы 343400 теңгені құрады, – деді ол.

Осы бап бойынша әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін 1 жыл ішінде қайталап жасалған әрекет – шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – 65, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 120, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне 200 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Ведомство басшысының айтуынша, сауда қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес, сауда базарының жұмыс регламенті бекітілген, онда:

– сауда базарының жұмыс режимі және ішкі сауда субъектілерінің, сатып алушылар мен сауда базары әкімшілігі қызметкерлерінің сауда базарына қол жеткізу тәртібі туралы мәліметтер; сауда базары ұсынатын қосымша қызметтер тізбесі; ішкі сауда субъектілеріне сауда орындарын беру тәртібін, олардың сипаттамаларын, мүлктік жалдау шартының талаптарын көрсетіледі.

– сауда базарының қызметін ұйымдастыру жөніндегі «Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін сауда базарының әкімшісі бекіткен сауда базарының регламентінің болмауы үшін ҚР ӘҚБтК-нің 204-2-бабы бойынша 7 сауда базары «ескерту» түрінде әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Осы бап бойынша әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін 1 жыл ішінде қайталап жасалған жағдайда, 25 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады, – деді Н.Егембердиев.



ЖАҢА АУЛАЛАР АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

Алматы ауданы әкімінің аппараты «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша аулаларды абаттандыру жұмысы жалғасуда.

Абаттандырылған аулалар келесі мекенжайлар бойынша орналасқан: Ф.Мүсірепов көшесі 6/1, 6/2, 6/3; Абылай хан даңғылы 10, 20а, 20б, 25; Күйші Дина көшесі 41/1; Б.Майлин көшесі 8; М.Жұмбаев даңғылы 12а; Ш.Құдайбердіұлы көшесі 17/3, 19/1; Ф.Мұстафин көшесі 15/2; К.Әзірбаев көшесі 4/1; Ж.Нәжімеденов көшесі 16а; Саркеңгір көшесі 1/1.

«Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында заманауи ойын кешендері бар жаңа балалар ойын алаңдары, шағын архитектуралық нысандар, атап айтсақ, ыңғайлы орындар, урналар мен әткеншектер орнатылды. Сонымен бірге аула аумақтары асфальтталып, алаңдағы тас төсеніштері ауыстырылды, воркаут-алаң-

дар құрылып, белсенді демалуға арналған тренажерлер орнатылды.

Аудан әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлағандай, бүгінде Т.Жүргенов көшесі, 28/1 және С.Нұрмағанбетов көшесі, 31 мекенжайларында жұмыс жалғасуда. Балалар ойын алаңдарының іргетасын қалыпқа келтіру және жабу жұмысы аяқталса, шағын сәулет нысандары мен балалар ойын кешендерін орнату күтілуде.

Алматы ауданында Мыңжылдық аллеясын көгалдандыру жұмысы да қарқынды жүріп жатыр. Бүгінгі таңда бұл жерге 81 түп шырша және 1985 түп кизильник бұтасы егілді. Бұл жасыл кеңістіктер аудан аумағын тауарды етіп қана қоймай, ауа сапасы мен экожүйені жақсартады.

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

Сарыарқа ауданында алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмысы аяқталуға жақын.



Коммуналдық қызметтермен қызмет көрсету ұйымдарымен бірлесіп отырып, жылу алмастырғыштардағы қазандықтарды ауыстыру, жаңа қрандарды орнату, сондай-ақ жылу тізбектерін шаю және қысымды сынау сияқты ауқымды жұмыс жүргізілді. Дайындық шаралары көкемте басталып, бүгінде аудан жылу маусымына 93 пайызға дайын.

Барлық жұмыс белгіленген кестеге сәйкес жүргізілуде. Аудан әкімдігінің қызметкерлері «Астана-Теплотранзит» АҚ-пен бірлесіп, күн-

делікті тұрғындармен жиналыс өткізіп, дайындықтын ағымдағы жай-күйін және қысқы кезеңге дайындық бойынша алдағы іс-шараларды түсіндірді.

Айта кетейік, құбырларды жөндеу және басқа да дайындық жұмысы үй иелерінің қаражаты есебінен жүзеге асады. Осыған байланысты аудан әкімдігі тұрғындарды дайындық жұмысын уақытты орындауға, ортақ мүлкі күтіп ұстау және жөндеу бойынша қажетті қаражат жинауға белсенді қатысуға шақырады.

Бетті дайындаған Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ЖОЛТАР ЖОБАСЫ ТАБЫСҚА ЖОЛ АШАДЫ

Елордада Joltar жобасы сәтті жүзеге асып келеді. Ол тұрғындарға жаңа мамандықтарды тегін оқып, өз ісін ашуға, жұмыс табуға және 52 мемлекеттік қолдау шаралары бойынша кеңес алуға мүмкіндік береді.

Астаналық Айбат Муталов – осы жобаның игілігін көрген жастың бірі. Ол алдымен «Баршаға мүмкіндік» модульдік пунктінде келіп, кеңес алып, нәтижесінде мамандандырылған оқытудан өтті. Жыл басында өз ісін бастауға шешім қабылдап, дәнекерлеу жұмысымен айналысқан болатын.

– Өз бизнесімді ашпас бұрын қалай болар екен деп біраз ойланым. Бұрын жеке кәсіппен айналысып көрмегендіктен, алдымда не күтіп тұрғанын, қандай қиындықтарға тап болатынымды білмедім. Алдымен істі бастауға жүрексіндім. Бірақ жақындарымның қолдауы арқасында күмәнді еңсере алдым, – деді жас кәсіпкер.

Айтуынша, ол Астана қаласының Жұмыспен қамту орталығына жүгінген, бірақ нәтиже болмады. Кейін ол «Баршаға мүмкіндік» модульдік пунктіндегі қызметкердің кеңесімен электрмен дәнекерлеуші курсына оқуға бел буады.



– Кеңседе газбен дәнекерлеуші курсының оқу процесінен өттім. Бұл жерде мен теориялық әрі практикалық білімді қатар алдым. Сонымен бірге іс жүзінде бізге әрдайым кеңес сұрай алатын тәлімгер берілді. Кәсіпорын шығын материалдарын ұсынады, бұл – біз үшін едәуір үнем. Мен ол жерден қажетті мамандарды табамын деп ойладым, нәтижесінде мамандандырылған оқудан өзім өттім, – деді кәсіпкер.

Ол оқуға жазылу өте тез, небәрі 10 минут уақытын ғана

алғанын, бір аптадан кейін оған оқу күндері туралы хабарланғанын, сөйтіп білім ала бастағанын жеткізді.

– Оқыту офлайн форматта екі аптадан кейін біз жұмыс күндері оқыдық, сабақ шамамен екі сағаттан болды және тек теорияны ғана емес, сонымен бірге тәжірибе де жинақтадық. Сабақта бізге осы немесе басқа қосылыстың қалай дәнекерленетінін, оттықты қандай бұрышпен және қандай жылдамдықпен жүргізу керектігін көрсетті. Белгілі

бір биікте оңтайлы бұрышта, электродтан жұмыс бетіне дейінгі қашықтықты сақтай отырып, олар қолды дұрыс ұстауды үйретті, – деді курс түлегі.

Жас кәсіпкер қысқа уақыт ішінде дәнекерлеу дағдысын меңгере алғанын атап өтті.

– Мұндағы қызметкерлер өте жауапты, бізге 20 жылдық тәжірибесі бар оқытушы Ербол Есенұлы дәріс берді. Ол қолда бар құралмен бәрін түсіндіріп, дәнекерлеумен қалай дұрыс жұмыс істеу керектігін үйретті. Мен бұған дейін көп нәрсені білмедім, курстың арқасында құнды тәжірибе алдым және алған дағдымды жұмыста қолданамын. Курсты аяқтағаннан кейін мен Joltar жобасы туралы таныстарыма айттым. Мұнда базалық білім алумен қатар оны тәжірибеде пайдалануға болады, – деді жас кәсіпкер.

Айбат болашақта SMM және бухгалтерия курсына да меңгеруді жоспарлап отырғанын жасырмады.

Joltar жобасы Астана қаласы әкімдігінің бастамасымен жүзеге асуда. Оған 18-50 жас аралығындағы кез келген елордалық тұрғын қатыса алады.



ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ӨНДІРУ МҮМКІНДІГІ

– Ядролық атом саласының маманы ретінде АЭС-тің қажеттілігіне қандай мысалдар келтірер едіңіз?

– АЭС – бұл ең алдымен электр энергиясын өндіру көзі. Қазіргі уақытта Қазақстанда электр энергиясының 70 пайызын көмір стансалары өндіреді, олардың орташа тозуы 70 пайыздан асады. Бірқатар станса алдағы 10 жылда қолданыстан шығады. Сонымен қатар елде электр энергиясын тұтынудың өсуі жыл сайын шамамен 3 пайызға артып келеді. Осыған байланысты Үкімет 2035 жылға дейін жаңа қуат көздерін іске қосу жоспарын бекітті. Жоспарға сәйкес, алдағы уақытта елімізде 26,5 ГВт жаңа қуат енгізіледі, оған жұмыс істеп тұрған стансаларды жаңарту да, жаңасын салу да кіреді. Әрине, жаңғыртылған энергия көздері одан әрі дамиды. Сонымен қатар газ турбиналары және бу-газ қондырғылары саналатын реттеуші қуат енгізіледі. Газ генерациясының ірі құрылыс объектілері Түркістан, Қызылорда облыстарында, Алматы, Шымкент қалаларында іске асуда. Жұмыс істеп тұрған көмір стансаларын жаңғырту да жоспарланған. Мысалы, Екібастұз ГРЭС-ін кеңейту, Көкшетау, Семей және Өскемен қалаларында үш көмір стансасын салу көзделіп отыр. Өкінішке қарай, көміртекті бейтараптылық жөніндегі әлемдік саясатқа байланысты қазіргі уақытта көмір стансаларын салуға қаржы тарту қиын. Халықаралық қаржы институттары парниктік газдар шығарындыларының жоғары болуына байланысты көмір стансаларын салуға қаражат бөлмейді. Осыған орай екі жоғары қуатты реакторы бар «жасыл» энергия көздеріне жататын бір АЭС салу қарастырылуда. Мысалы, елімізде парниктік газдар шығарындыларының 80 пайызға жуығы елдердің энергиясын жоспарлы түрде сатып алуға. 2023 жылдың қорытындысы бойынша тұтынылған 115 млрд кВт/сағ болса, соның 2 млрд кВт/сағ астамы Ресейден жоспарлы түрде сатып алынды. Болашақта бұған жол бермеу үшін қазірдің өзінде шаралар қабылдауымыз керек. Қазіргі уақытта көптеген ел өз елінде атом электр стансаларын салуда. Қытайда 26 реактор салынууда,

Алматы ядролық физика институты Астана филиалының инженері Мәлік Қалиекперов атом энергетикасының қажеттілігі мен оны дамытудың ғылыми негіздегі деректерін келтірді. Оның айтуынша, қазіргі таңда Қазақстанда ауаны ластан жатқан парниктік газдың 80 пайызы энергетика секторынан бөлініп отыр.

– Елімізде ЖЭК секторы жақсы дамып келеді. Қазіргі уақытта елімізде жалпы қуаты 2900 МВт болатын 148 ЖЭК нысаны пайдаланылуда. Бұл – 46 күн және 59 жел электр стансасы. Біз 2025 жылға қарай ЖЭК-тің жалпы генерациясының 6 пайыз үлесіне қол жеткізуді мақсат етіп қойдық та, оған өткен жылы қол жеткіздік. Бұдан басқа, осы жылдың 6 айының қорытындысы бойынша ЖЭК үлесі өндірілген электр энергиясының жалпы көлемінің 6,5 пайызын құрады. Үкімет жаңғыртылған энергия көздерін қабылдауда, ЖЭК өндіретін электр энергиясының бағасын төмендету үшін аукцион тетігі енгізілді. 2027 жылға дейін аукцион бойынша қуаты 6700 МВт стансаларды іске қосу жоспарланған. Бұдан басқа, Жамбыл облысындағы жел электр стансалары бойынша 1000 МВт ірі инвестициялық нысандарды іске асыру жоспарланған. Алайда ЖЭК-тің бір кемшілігі бар. Ауа райына байланысты ЖЭК тұрақсыз энергия көзі саналады. Жел болмаған кезде электр қуаты да жоқ, күн болмаса да солай. Жел электр стансалары үшін белгіленген қуатты пайдалану коэффициенті, тіпті жел әлеуеті бар аймақтарда да 35-40 пайызды құрайды. Ең көбі 41-42 пайыз. Ал бізге өнеркәсіп пен жалпы экономиканы дамыту үшін 24/7 жұмыс істейтін тұрақты энергия көздері қажет. Сондықтан бүкіл әлем атом энергетикасын дамытуға ұмтылады. Қазақстан электр энергиясы қатты жетіспейтін сағаттарда шекара маңындағы елдердің электр энергиясын жоспарлы түрде сатып алуға. 2023 жылдың қорытындысы бойынша тұтынылған 115 млрд кВт/сағ болса, соның 2 млрд кВт/сағ астамы Ресейден жоспарлы түрде сатып алынды. Болашақта бұған жол бермеу үшін қазірдің өзінде шаралар қабылдауымыз керек. Қазіргі уақытта көптеген ел өз елінде атом электр стансаларын салуда. Қытайда 26 реактор салынууда,

БАӨ өзінің алғашқы атом электр стансасын салды, Түркия да өзінің алғашқы электр стансасын салу үстінде, көршіміз Өзбекстан АЭС салатынын жариялады.

– Қазақстанның өзге елдерден артықшылығы – АЭС-ке қажет уран өндіруден алғашқы орында болуы. Одан басқа да қандай әлеуетті жақтарымыз бар?

– Еліміздің атом энергетикасын дамыту әлеуеті өте жоғары. Табиғи уран өндіру бойынша әлемде бірінші орындамыз, одан бөлек, Өскемен қаласында Үлбі металлургия зауытында кеңес кезінен бері отын таблеткалары өндіріледі. 2021 жылдан бастап Үлбі металлургия зауыты дайын ядролық отын шығарады. Атом стансасына ең қажеті – ядролық отын, біздің жоғары білікті мамандар қазіргі уақытта дайын ядролық отын шығарады. Алғашқы партиялар Қытайдағы атом стансаларына жөнелтілді. Мемлекет басшысының Қазақстанда атом энергетикасын дамыту мүмкіндігін зерделеу жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында реакторлық технологияларды таңдау бойынша бұрын жүргізілген зерттеулерді жандандыру, АЭС-тің қуаты мен құрылыс ауданы анықтау бойынша жұмыс атқарылды. Зерттеулердің қорытындысында стансаның қуаты 2800 МВт дейінгі АЭС құрылысының ең қолайлы ауданы ретінде Алматы облысы Жамбыл ауданы Үлкен ауылының аумағы таңдалды. Әлеуетті жеткізушілер ретінде «CNNC» (ҚХР, HPR-1000 реакторы), «Rosatom» (РФ, ВВЭР-1200, ВВЭР-1000 реакторлары), «KHNP» (Оңтүстік Корея, APR-1400 реакторы) және «EDF» (Франция, EPR-1200 реакторы) компаниялары қарастырылуда. Қазіргі уақытта ядролық технологияларды жеткізушілермен АЭС салу жұбасын іске асыру бойынша ұсынылып отырған шарттарды талқылау үшін келіссөздер жүргізілуде. Мемлекет басшысы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның эко-

номикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында осы мәселені халықпен алдын ала жария талқылау жүргізе отырып, Қазақстанда АЭС салу мәселесі бойынша жалпыұлттық референдум өткізуге шешім қабылдады.

– Халықтық штаб өкілдерімен кездесуде елді толғандыратыны – АЭС-тің қауіпсіздік мәселесі. Жаңа энергия көзін салғаннан кейін оның жұмысында ешқандай қиындық болмайтыны рас па?

– Қазақстанда қауіпсіздіктің барлық талабына жауап беретін жаңа жетістіктер мен әзірлемелерді пайдалана отырып, жаңа буын III немесе III+ АЭС-тің құрылысын салу жайы қарастырылуда, бұл апат қаупін азайтады. Жаңа буын реакторларының басты ерекшелігі – стансаны сыртқы және ішкі әсерге барынша төзімді ететін белсенді және пассивті қауіпсіздік жүйелерінің бірегей үйлесімінің болуы. Қазіргі заманғы үшінші буын стансаларда ауыр апат ықтималдығы жылына 10-7 оқиғадан аз, яғни 10 млн жылда бір рет болуы мүмкін. Бәрінің есінде қалған Чернобыльдегі АЭС 1977 жылы, ал Фукусима АЭС 1971 жылы салынды және қауіпсіздігі әлдеқайда төмен ескі буын реакторларынан тұрған. Сондықтан қазіргі АЭС-пен салыстырғанда апат қаупі жоғары. Қазақстанда салуға қарастырылатын барлық реактор екі тізбекті болып келеді, бірінші тізбекте су айналып, белсенді аймаққа тікелей тиіп тұрады. Бірінші контурдағы судың жылуы екінші контурдағы суға жанаспай беріледі. Бұл жағдайда турбинада реактордың екінші тізбегінде өндірілген бу реттеледі. Жалпы АЭС-те су жабық жүйеде айналады, онда пайдаланылған бу конденсацияланып, қайтадан пайдаланылады. Соңғы үлгідегі АЭС-терде бұрынғы ескі буын реакторлардың кемшіліктерінің бәрі ескеріліп, қауіпсіздігі мен жұмысы жетілдірілген.

Сұхбаттасқан
Райхан РАХМЕТОВА

КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІМЕН КҮРЕСУГЕ КӨМЕКТЕСЕДІ

Атом энергетикасы парниктік газдар шығарындыларын азайтады, ал оның азаюы өз кезегінде жаһандық климаттың өзгеруімен күресуге көмектеседі. Соның арқасында табиғи экожүйелердің одан әрі жойылуына жол берілмейді.

АЭС дегеніміз – бұл ядролық реактордан шығатын жылуы электр энергиясына айналдыратын электр станциясы. Ядролық реакторда уранның ядролық бөлінуінен энергия алынады. АЭС-тің жұмыс істеуінің 4 принципі бар. Бірінші, ядролық реактор, мұнда уран ядролық тұрғыда бөлінеді, осыдан жылу пайда болады. Екін-

шықты ластаушы заттарды шығармайды, олар көбіне қазба отындарын жағу кезінде пайда болады және жаңбыр мен ауа сапасының нашарлауына әкеледі. Сондай-ақ суды аз тұтыну және су ресурстарына жүктемені азайтуға ықпал етеді. Салқындату және жұмыс істеу үшін үлкен көлемдегі суды қажет ететін көмір



ші, бу генераторына жылу беріледі, онда су қайнайды және бу түзіледі. Үшінші, бу турбинаны айналдырады, ол генераторды айналдырады. Төртінші, генератор электр энергиясын өндіреді. АЭС-тің 3 артықшылығы – энергияның тиімді көзі, шығарындылардың аз болуы, ұзақ қызмет ету мерзімі. Кемшіліктері де үшеу – ядролық қалдықтарының қауіп, құрылыс бағасының жоғары болуы, қауіпсіздік мәселесі. Биолог ретінде Қазақстанда атом электр станциясының құрылысын бағалай отырып, оның артықшылықтарын экологияға, биоәртүрлікке және тұрақты дамуға әсері турғысынан қарастырдым.

Парниктік газдар шығарындыларын азайту. Атом электр станциялары жұмыс істеп тұрған кезде көмірқышқыл газын (CO₂) және метанды (CH₄) шығармайды, бұл оларды көмір немесе газ станцияларымен

және газ электр станцияларынан айырмашылығы – атом электр станциялары су ресурстарын тұтынуды азайтатын жабық су айналымы жүйелерін пайдалануында. Бұл әсіресе су тапшылығы мен оны ұтымды пайдалану, су экожүйелері мен судың жауын-шашын түрлерді сақтауға зор маңыз беретін Қазақстан үшін өзекті.

АЭС қазба отындарын пайдалануды азайтып, биоәртүрлілікті сақтауға көмектеседі. Атом электр станциялары көмір өндіруге және тасымалдауға байланысты табиғи экожүйелерді жиі бұзатын көмір кен орындарына тәуелділікті азайтуға септік етеді. Көмір мен мұнай өндіруді азайту топырақтың деградациясын кемітеді және ормандардың жойылуын болдырмайды, бұл табиғи ландшафттар мен биоәртүрлілікті сақтайды.

Кішігірім аймақ және қоршаған ортаға жергілікті

АТОМ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРҒАН КЕЗДЕ КӨМІРҚЫШҚЫЛ ГАЗЫН (CO₂) ЖӘНЕ МЕТАНДЫ (CH₄) ШЫҒАРМАЙДЫ, БҰЛ ОЛАРДЫ КӨМІР НЕМЕСЕ ГАЗ СТАНЦИЯЛАРЫМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ЕТЕДІ

салыстырғанда экологиялық таза етеді. Парниктік газдар шығарындыларын азайту жаһандық климаттың өзгеруімен күресуге көмектеседі, бұл өз кезегінде табиғи экожүйелердің одан әрі жойылуына жол бермейді және Қазақстанның биоәртүрлілігі үшін тәуекелдерді азайтады. Парниктік шығарындылар зардаптарына әлемде мұздықтардың еруі, суық жерлердің құрт ысып, ыстық жерлердің суып кетуі жатады. Сонымен қатар АЭС экожүйелерді сақтау және ауаның ластануын азайтуға ықпал етеді, күкірт диоксиді (SO₂) және азот оксиді (NOx)

әсеріне келсек, АЭС электр станцияларының басқа түрлерімен (мысалы, күн немесе жел паркттері) салыстырғанда айтарлықтай аз аумақты алады, бұл экожүйелерге әсерін азайтады. Әсіресе өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін үшін тәуекелдерді түрлерін қорғау үшін өте маңызды.

Әйгерім
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Астана қаласы
№91 мектеп-гимназиясының биология пәнінің мұғалімі, жаратылыстану ғылымдарының магистрі

АБАТТАНДЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Кеше Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотовтың қатысуымен өткен қалалық мәслихатының кезектен тыс сессиясында бірқатар мәселе қаралды. Соның ішінде елорданың 2024-2026 жылдарға арналған бюджеті нақтыланып, бас қаланы абаттандырудың жаңартылған ережелері бекітілді. Күн тәртібіне қойылған тағы бір мәселе мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «Тарлан» паралимпиадалық жаттығу орталығы мен мұз аренасының қызметін ұйымдастыруға қатысты болды.



Елорда бюджетіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша қалалық Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Манқараев баяндама жасап, қандай жұмыстарға қосымша қаржы бөлінгенін жеткізді. Негізгі басымдық, әдеттегідей, әлеуметтік салаға берілген. Осы сессияның алдында қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысында бюджет жан-жақты талқыланып, депутаттардың ұсыныстары мен пікірлері ескерілгенін атап өту керек. Мәселен, қалалық мәслихат депутаты Бауыржан Смайылов №41 орта мектепке қосымша ғимарат салуға және «Шарапат» әлеуметтік орталығына автокөлік сатып алуға қаржы бөлу мәселесін көтерген еді. Бұл ұсыныс қолдау тапты. Мәслихат депутаты Владислав Сергеев биыл «Астана Арена» стадионы мен «Алау» мұз айдыны сарайы күрделі жөндеуден өткенін айта келе, балалар мен жасөспірімдердің жаттығуына, соның ішінде су добына қомақты қаржы бөлінгенін атап өтті.

Оның айтуынша, бірқатар спорт нысаны жеке компанияларға сенімді басқаруға берілген. Бірақ сол нысандар бюджет есебінен жөнделіп, балалардың онда спортпен айналысуына да бюджеттен қаржы бөлінеді. Владислав Сергеевтің пікірінше,

бұл дұрыс емес, осы мәселені реттеу керек. Қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов бұл пікірмен келісіп, алда бұл мәселе бойынша жұмыс тобы құрылып, мәселені қарайтын жеткізді. Ал қалалық мәслихат депутаты Талғат Ерғалиев орталық саябақтағы шаңғы-роллер трассасындағы қауіпсіздік мәселесін көтерді.

Мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған «Тарлан» паралимпиадалық жаттығу орталығы мен мұз аренасының қызметін ұйымдастыруға 2019 жылдан 2028 жылға дейінгі кезеңге мемлекеттік міндеттемелер бойынша қаржы бөлінген. Мұны баяндаған қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Исламбек Байманов бұл қаржының көлемін азайтуды сұрады.

– Мұның себебі 2020 жылғы 1 қаңтардан 2023 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде амортизацияға қаржы дұрыс есептелмеген. Сонымен қатар 2023-2024 жылдарға арналған есептің нәтижесінде қаржы үнемделді, – деді Исламбек Байманов.

Биылғы 14 маусымда Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің бұйрығымен абаттандырудың жаңа редакциядағы үлгілік ережелері қабылданды. Осыған байланысты Астана

қаласының аумағын абаттандыру ережелеріне өзгерістер енгізіліп, 13 тармақ қосылды. Мұны қалалық Коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Олжабек Бейісов баяндады.

– Ереже жергілікті жағдайды және елорда ұйымдарының қалыптасқан жұмыс тәжірибесін ескере отырып әзірленді. Құжат инфрақұрылым нысандарын абаттандыру, санитарлық күтіп-ұстау саласындағы жеке және заңды тұлғалардың қатынастарын реттейді және олардың жауапкершілігін белгілейді. Ереженің жаңа жобасында қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері, коммуналдық және мүдделі ұйымдар көтерген ұсыныстар ескерілді. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің заңнамалық нормалары сақталып, қатты тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлік алаңдарды мердігерлік ұйымдардың тазалауына қойылған талаптар егжей-тегжейлі сипатталған, – деді баяндамашы.

Оның айтуынша, құжатқа контейнерлік алаңды және қоқыс контейнерлерін күтіп-ұстауға қойылатын санитарлық және экологиялық талаптарға қатысты нормалар енгізілді. Ғимараттардың барлық құрылымдық элементтерін, аумақтарды тазалау бойынша талаптар

кеңейтілді. Қоғамдық кеңес мүшелері әлеуметтік әлжуаз топтарға жататын мүлік иелеріне қатысты су тасқынына қарсы күрес жұмыстарын уақытылы ұйымдастыруды ерекше бақылауға алуға ұсынды. Бұған қоса, профилактикалық бақылауды күшейту және абаттандыру ережелерінің тармақтарын сақтамау бөлігінде заңнаманы бұзушылықтардың алдын алу, әкімшілік жауапкершілікке тарту ұсынылды. Тұрғындар арасында экология, қатты тұрмыстық қалдықтарды дұрыс көдеге жарату мәселелерінде сауаттылықты арттыру жұмыстарын жүргізу белгіленді. Елорда аумағында абаттандыру нысандарының ластануына жол бермеу, құрылыс алаңдарын бақылауды күшейту ұсынылды.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов елорданы абаттандыру ережелерінің жаңа жобасын дайындау барысында құжат мәслихат депутаттарының бірнеше талқылауынан өткенін жеткізді. Ережеге қатысты қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері мен қалалық мәслихат депутаттарының, мүдделі мемлекеттік органдар қызметкерлерінің ұсыныстары ескерілді.

– Ережелер жобасына қауіпсіз, экологиялық қолайлы орта құру жөніндегі нормалар, соның ішінде бақша, саябақ жиназдары, жабдықтар, шағын сәулет нормалары, субұрқақтар, басқа да көптеген мәселе енгізілді. Жаңа ережелер – күнделікті назар аударуды қажет ететін, өзекті мәселелерді реттейтін негізгі құжат. Абаттандырудың жоғарғы деңгейі елорда халқының өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ететіні сөзсіз, – деді Ерлан Каналимов.

Қалалық мәслихат депутаты Владислав Сергеевтің пікірінше, жауапты басқармалар абаттандырудың жаңа ережелерін қаладағы ПИК-тер мен МИБ-терге жеткізу керек.

– Құжат тұрғындарға жеткен соң, олардың ұсыныстары арқылы уақыт өте келе ережелерді жетілдіруге болады. Себебі өмір өз орнында тұрмайды. Тұрғындар абаттандыру және аулаларды жөндеу мәселелерін көп көтереді. Мұны кез келген мәслихат депутаты айтады. Соңғы екі жылда бұл жұмыстарға қаржы бөлуді қолдап келе жатырмыз. Биыл қала әкімі мен мәслихат төрағасының қолдауымен аулалардың тізімі жасалды. Сол арқылы қанша аула абаттандырылмағаны жөнінде ақпарат ала аламыз, – деді Владислав Сергеев.

Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығы аясында елорда мәслихаты депутаттарының қатысуымен Астана қаласы Тексеру комиссиясының қызмет сапасына әсер ететін мәселелерге арналған дөңгелек үстел отырысы өтті.

ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН НЕ ТЕЖЕЙДІ?



Жиында сөз сөйлеген Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов қалалық Тексеру комиссиясының жұмысына қатысты шешілуі тиіс мәселелерді атап өтті.

«Біріншіден, кадрлық қамтамасыз ету мәселесі бар. Өйткені қазіргі уақытта аудиторлар жетіспейді. Екіншіден, еңбек және уақыт ресурсының шектелуіне, сондай-ақ елорданың өсуіне, нысандар санының және бюджет көлемінің жыл сайын артуына байланысты аудиторларға жүктеме артып отыр. Нәтижесінде жыл сайын Астанадағы барлық нысанның орта есеппен тек 16 пайызы ғана қамтылады» деді Ерлан Каналимов.

Оның айтуынша, Жоғарғы аудиторлық палатаның жүргізген қызметті бағалау қорытындылары бойынша Астананың Тексеру комиссиясы қатарынан екінші жыл көшбасшы орындарды иеленіп келеді. «Қалалық мәслихаттың депутаттық корпусы осы

комиссиямен бірлесе отырып, мемлекеттік органдар басшыларының қаржы сауатын арттыру, қаржылық бұзушылықтарды азайту және бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру бойынша одан әрі жұмыс істеуге дайын» деп түйіндеді сөзін қалалық мәслихат төрағасы.

Отырыста Астана қаласы Тексеру комиссиясының төрағасы Иманжүсіп Ақпомбаев, қалалық мәслихат депутаты Жанаргүл Кұлмағамбетова мәселе бойынша пікірін жеткізіп, бюджет қаржысын тиімді басқарудың маңызына тоқталды. Қалалық Тексеру комиссиясы жұмысының сапасын арттыру үшін ұсыныс айтылды. Соның ішінде ішкі бақылауды күшейту, аудитті автоматтандыру, комиссия қызметкерлерінің білігін арттыру, ведомствоаралық әріптестікті нығайту, ашықтықты қамтамасыз етіп, құқық бұзушылықтың алдын алу сияқты ұсыныстар болды.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

ПИТОМНИК ЖАҒДАЙЫМЕН ТАНЫСТЫ

Астана қаласы мәслихатының бір топ депутаты арнайы халыққа қызмет көрсету орталығы жанында орналасқан иттер мен мысықтарға арналған питомник жағдайымен танысты. Бұған қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов, «Көктал-2» тұрғын алабының белсенді тұрғындары қатысты.

Питомник жетекшісі Мария Гребенкиның айтуынша, онда 4800 ит пен 1500 мысық бар. 2500-ге жуық ит қоршауда емес, питомник аумағында еркін ұсталады екен. Қоршаудан шығып кетіп, үйірімен жүріп, «Көктал-1» және «Көктал-2» тұрғындарын үрейлендіретін жағдайлар да жиі кездеседі. Питомниктің

маңайында «Жайлы мектеп» бағдарламасы бойынша мектеп салынды. Сондықтан ата-аналар балаларының қауіпсіздігіне алаңдайды.

Қалалық мәслихат депутаты Бауыржан Смайылов мәслихат отырыстарында бірнеше рет питомниктің қала сыртында болуы керекі туралы мәселе көтерді. «Шын

мәнінде, бейсауат иттердің проблемасы – біздің округтегі ең өзекті мәселенің бірі» дейді ол. Қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұловтың айтуынша, жаңа питомникті жобалау үшін 2-ЖЭО аумағында 2 гектар жер телімі бөлінді.



АДАЛ АДАМ - АДАЛ ЕҢБЕК

АЛТЫН ҚОЛДЫ ДӘРІГЕР

«Адал адам – Адал еңбек». Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында еңбек адамдарына қатысты адал азамат ұғымына назар аударды. Мұндай азаматтар ұлттық құндылығымызды арттырып қана қоймай, қоғамға бағдар бола алады. Сондай еңбегі адал жанның бірі – елордалық балалар хирургі Ринат Байгиреев.



Ринат Мұхаметқалиұлы Шығыс Қазақстан облысында дәрігерлер әулетінде дүниеге келген. 1996 жылы Семей медицина университетін тәмамдап, балалар хирургі мамандығын алған. Сол жылдан бастап Өскемен қаласында Ана мен бала орталығында қызмет атқарған. Ал 2012 жылы түбегейлі елордаға қоныс аударады. Медицина саласында 30 жылға жуық еңбегі сіңген ақ халатты абзал жан бүгінде хирургиялық бөлімді жедел және жоспарлы бөлім қылып құруға бастама көтерді. Жоспарлы хирургия – дүржы хирургия. Ол жедел хирургияның жұмысын әлдеқайда жеңілдетті. Себебі аурудың асқынған түрімен күрескенен гөрі, жоспарлы түрде алдын алған, профилактикалық жұмыстар жүргізген маңызды» дейді дәрігер. Оның айтуынша, ауруханада 18 жасқа дейінгі балаларға жоғары медициналық көмек көрсетеді. Күніне орташа есеппен алғанда 30-40 ота жасалады. Атап

айтқанда, мойынның, кеуде қуысының, өкпенің, өңештің, асқазан-ішек жолдарының, тоқ ішектің, бауырдың, өт жолдарының туа біткен және жүре пайда болған ауруларын, сондай-ақ кеуде және іш қуысының қатерсіз ісіктерін емдейді. Жыл сайын 1600-ден астам бала ем алады екен. Хирургияның минималды инвазивті әдістері қолданылады. Жоғары санатты дәрігердің пікірінше, бүгінде құр алақанмен ешқандай жетістікке жету мүмкін емес. Технологияның соңғы үлгілері дамыған заманда мұндай құралдар, әсіресе хирургия саласына аудады қажет. Бұл ретте аурухана тек елордалықтарға ғана емес, еліміздің түкпір-түкпірінен келетін балаларға көмектесуге қауқарлы.

«Біздің жұмыстың өзіндік күрделі тұстары бар. Мәселен, 18 жасқа дейінгі балаларға ота жасаймыз. Қазір ғана кішкентай 1 айлық сәбиге ота жасасақ, артынша салмағы бар, 15 жастағы жасөспірімге де жасаймыз. Екеуінің ағзасы екі түрлі. Алдыңғысы микрохирургия. Хирургтар әр жастағы балаларға ота жасайтын деп арнайы бөлінбегендіктен, біздің мамандар кез келген отаны жасай береді» дейді Ринат Байгиреев.

Әңгіме барысында балалар арасында жиі кездесетін аурулар туралы айтып берді. Әсіресе, тыныс алу жолдары арқылы балалардың түрлі зиянды заттарды жұтып қоюы әлі күнге дейін өзек-

ті. Естеріңізде болса, осыдан екі-үш жыл бұрын 100-ден астам магнит жұтып қойған кішкентай қыз туралы ақпарат тараған еді. Яғни, ауруханаға түскен 7 жасар қызға ота жасаған да осы дәрігер болатын.



«Біздің жұмыстың өзіндік күрделі тұстары бар. Мәселен, 18 жасқа дейінгі балаларға ота жасаймыз. Қазір ғана кішкентай 1 айлық сәбиге ота жасасақ, артынша салмағы бар, 15 жастағы жасөспірімге де жасаймыз. Екеуінің ағзасы екі түрлі. Алдыңғысы микрохирургия. Хирургтар әр жастағы балаларға ота жасайтын деп арнайы бөлінбегендіктен, біздің мамандар кез келген отаны жасай береді» дейді Ринат Байгиреев

«Егер бала бір магнит жұтып қойса, ол негізінен, табиғи жолмен сыртқа шығарылады. Мәселе, оның көп жұтқанында. Олар асқазан-ішек жолдарының әртүрлі аймақтарына жабысады. Ал жабысқан жерде некроз перфорация мен перитонитке дейін алып келеді. Магнит бір-біріне жабысып, жинала берген. Біз сол уақытта 100-ден астам кішкентай магниттерді шығардық» деп еске түсірді дәрігер. Тағы жасалған бірегей отаның бірі – асқазаннан алынған түк. Атырау облысынан келген 15 жастағы қыз сирек кездесетін жағдаймен ауырған. Яғни, адамның шашын жұта берген. Бұл өз кезегінде асқазанда шаш ісігін тудырады. Бүгінгі кейіпкеріміз балалар хирургі Ринат Байгиреев дәл осы қызды да аман алып қалған.

Жалпы, балалардың биіктен құлауы, жол апаты секілді жағдайлардан көп жағдайда балалар зардап шегеді. Сондықтан ата-аналарды балаға келгенде барынша жауапкершілікпен қарауға шақырады.

«Біздің ауруханада асқазан-ішек жолдары ауруларын диагностикалауға ерекше назар аударылады. Зерттеудің ең озық әдісі асқазан-ішек жолдарының капсулалық бейнеэндоскопиясы еліміз бойынша алғаш рет балада бізде ғана қолданылды. Мен мұны ең алғаш Израильде «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алғанда таныстым. Бұл – кішкентай ғана жұтатын капсула. Оған миниатюралық камера орналасқан. Бала жұтқаннан кейін асқазан-ішек жолдарының барлық жағдайын анық көруге мүмкіндік береді. Бұл әдіс, әсіресе, кішкентай науқастар үшін өте маңызды. Өйткені ешқандай инвазивті араласу мен анестезияны қажет етпейді. Стационар аясында 30-дан астам бала осындай капсулалық бейнеэндоскопия процедурасынан сәтті өтті. Бұл ауруларды уақтылы диагностикалауға және тиімді емдеуге көмектеседі» дейді дәрігер. Алдағы уақытта дәл осы капсуланың дәріханада сатылғанын, оған халықтың қолжетімді болғанын қалайды. Себебі аурудың салдарымен емес, әрқашан алдын алған маңызды дейді алтын қолды дәрігеріміз. Әңгімелесуге небәрі 20 минутын бөлген дәрігердің әр сағаты, минуты санаулы. Белімге жедел түрде болсын, жоспарлы түрде болсын қаншама бала қабылданып жатыр. Жүктемені жұмыс істейтін ауруханаң дәрігеріне тек қана адал еңбектің жемісін көруді нәсіп етсін деп тілейміз.

Өткен аптада жедел жәрдем қызметіне қатысты әлеуметтік желілерде түрлі пікірлер қаптады. Бұл туралы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Дәулет Мұқаев та өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жариялаған болатын. Халық шулағаннан кейін Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова ресми мәлімдеме жасап түсіндірді.

ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚЫЗМЕТІНЕ ШЕКТЕУ ЖОҚ

«Жедел жәрдем қызметі қағидаларына өзгеріс енгізу көзделген жобадан күнделікті тәулік бойы халыққа көрсетілетін жедел жәрдем қызметін шектеу туралы өзгеріс жоқ. Халық бұрынғыша 103 арқылы 24/7 режимінде жедел жәрдем шақыра алады.

«Бұл өз кезегінде жедел жәрдем қызметін ұзақ күтуді азайтуға септігін тигізеді деп жоспарлануда. Халықтың «103» қызметі бойынша толыққанды қызмет алуына еш кедергілер болмайтындығын ресми жеткіземін» деді министр.

Яғни, тәулік бойы халыққа көрсетілетін жедел жәрдем қызметіне қатысты ешқандай шектеу, өзгеріс болмайды.



КӨКЖӨТЕЛ ҚАНДАЙ АУРУ?

Бұл – тыныс алу жолдарының жұқпалы ауруы. Оның біршама белгілері бар. Астана қаласы №7 қалалық емхананың дәрігері Ақбөпе Шажалиева аурудың алдын алу туралы оқырмандарға қысқаша айтып берді.

«Тыныс алу кезінде ысқырған дыбыс, кеуде тұсындағы жағымсыз сезім, тамақтың тітіркенуі, жөтел кезінде ауа жетіспейтін сезім, түнде жөтелдің ұлғаюы, әлсіздік және шаршау, мазасыздық, төбеттің төмендеуі – аурудың негізгі белгілері» дейді дәрігер. Оның айтуынша, көкжөтелдің алдын алудың ең тиімді жолы – вакцинация.

«Алғашқы вакцинация 2, 3, 4 және 18-айларда бес және алты компонентті вакциналармен жүргізіледі. Одан әрі егу 6 жасында үш компонентті вакцинамен (көкжөтел, дифтерия, сіреспе) жасалады. Сондықтан балаларыңызға уақтылы вакцинация алу алдағы өмірінде кездесетін қауіпті аурулардың алдын алады» дейді Ақбөпе Шажалиева.

ВАКЦИНАЦИЯ ҚАЖЕТ

Елордада адам папилломавирусына (HPV) қарсы вакцинация науқаны басталды. Бұл шара қыздардың денсаулығын қатерлі ісіктің ең қауіпті түрлерінің бірінен қорғауға бағытталған.

Бүгінгі таңда қалада вакцинаның 12 мыңнан астам дозасы бар. Жоспарлы тәртіппен 11 жастағы 13 мың қыз вакцинациялауға жатады.

Вакцинация мектептердің медициналық кабинеттерінде ата-аналардың немесе заңды өкілдердің ақпараттандырылған келісімін алғаннан кейін жүргізіледі. Ата-аналардың өтініші бойынша вакцинация тіркелген жері бойынша емханаларда да жүргізілуі мүмкін.

«Вакцина туралы біздің медби-

кеден алған буклет арқылы білдім. Содан кейін анамнан сұрадым, ол кісі келісімін берді. Бүгін вакцина алдым, ауырған жоқ, қорықпадым. Қазір өзімді қалыпты сезінемін» дейді №75 мектеп-гимназиясының 8-сынып оқушысы Адел Уагизова.

Мамандар HPV вакцинасы өзінің тиімділігі мен қауіпсіздігін халықаралық деңгейде дәлелденгенін алға тартады. Бүгінде ол әлемнің 135 елінде қолданылады, соның арқасында бірқатар елдерде әйелдер арасында HPV таралуы 90%-ға төмендеген.

«11 жасқа толғанда қыздарға HPV-ге қарсы вакцинациялауды бастау – біздің өскелең ұрпақтың болашақ денсаулығын қорғаудағы маңызды қадам. Біздің мақсатымыз – барынша қорғауды қамтамасыз ету және халық арасында сырқаттануды азайту. Біз ата-аналарды балаларын ықтимал қауіпті аурулардан сенімді қорғауды қамтамасыз ету үшін осы мүмкіндікті пайдалануға шақырамыз» деп атап өтті елордалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова.



Бетті дайындаған Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

ДҮЙСЕНБІ

7 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Інжу-маржан»
7:00 «TANSHOLPAN».



5:00 «КІМ МЫҚТЫ?»
7:00 «ОЯН!»
10:00 «БІЗДІҢ НАЗАРДА»

ASTANA TV

06:00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06:20 «Жұрттың балалары»



6:00 «МАЛЕНЬКАЯ БАРАБАНЩИЦА»
7:20 «РОДИТЕЛИ ГОДА» телехикаясы

КТК

7:05 «ИРИМ», деректі фильмдер
8:05 «НАМЫС», өзбек телехикаясы



06:00 Әзіл студия
06:50 Ризамын
07:20 Time Vine



6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
6:30 «Алданған арман-2» Телехикая.

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Екі езу»
07.35 «INSTA LIKE» (каз.)

СЕЙСЕНБІ

8 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
7:00 «TANSHOLPAN».



5:00 «КІМ МЫҚТЫ?»
7:00 «ОЯН!»
10:00 «НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ»

ASTANA TV

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.20 «Жұрттың балалары»



6:00 «МАЛЕНЬКАЯ БАРАБАНЩИЦА»
7:20 «РОДИТЕЛИ ГОДА» телехикаясы

КТК

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «НАМЫС», өзбек телехикаясы



6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
6:30 «Алданған арман-2» Телехикая.

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

СӘРСЕНБІ

9 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 ӘНУРАН
6:05 «ЖӘДІГЕР»
7:00 «TANSHOLPAN».



5:00 «КІМ МЫҚТЫ?»
7:00 «ОЯН!»
10:00 «НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ»

ASTANA TV

06.00 «ҚОРҒАУШЫ ХАНЫМ»
06.20 «ЖҰРТТЫҢ БАЛАЛАРЫ»



6:00 «П@УТИНА» БАҒДАРЛАМАСЫ
6:50 «РОДИТЕЛИ ГОДА» ТЕЛЕХИКАЯСЫ

КТК

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
7:30 «НАМЫС», ӨЗБЕК ТЕЛЕХИКАЯСЫ.



06:00 ӘЗІЛ СТУДИО
06:50 ИНФОРМБЮРО (РУС/КАЗ)
07:50 «ҚЫЗЫЛ ШЕРБЕТ» ТЕЛЕХИКАЯСЫ



6:00 Әнұран
6:02 «Q-eli»
6:30 «Алданған арман-2» Телехикая.

1:10 Late night show with Динара Сатжан
2:10 «Ағайынды» Телехикая.

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»

БЕЙСЕНБІ

10 ҚАЗАН

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
7:00 «TANSHOLPAN».



5:00 «Кім мықты?»
7:00 «Оян!»
10:00 «Культурный контекст»

ASTANA TV

06.00 «Қорғаушы ханым» үнді телехикаясы
06.20 «Жұрттың балалары»

СУРЕТ СЫРЫ

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАЗЫНАСЫН ӘЙГІЛЕГЕН

КСРО халық артисі, Қазақ КСР-і мемлекеттік сыйлығының иегері, композитор Нұрғиса Атабайұлы Тілендиев сонау 1954 жылы Мәскеуде Чайковский атындағы консерваторияның соңғы курсында оқып жүргенде ерікті жастардың тың игеруге аттанған алғашқы эшелонын шығарып салушылардың бірі болған.

Сол жылы бірнеше айдан соң оқуын тәмамдаған Нұрғиса Атабайұлы Абай атындағы опера және балет театрында дирижер болып еңбек жолын бастайды. Есіл өңіріне алғаш 1955 жылы іссапармен келген Нұрғиса Атабайұлы кейін бірнеше мәрте келеді, өзінің «Ақ бидай», «Жеңіс гимні», «Тың игерушілер еңбегінің қуанышы» симфониялық поэмаларын, «Дархан далам», «Озат бригада», «Тың игеруші

батырларға сәлем», «Кең жазира жайлауым», «Батырлар туралы ән», «Тың игеру мерекесі» әндерін сабағы дөңге толған жайқалған егіс алабына, дән өсірген, егін даласының ыстығы мен суығына қатар төзген еңбек адамдарына арнады.

Ән, опера, оркестр, кино өнерінде композиторлық, дирижерлік жемісті еңбегімен танылған талант өз табиғатының құнарлы тамырын халықтың өз

тіршілігінен алды.

Өз үні, өз бояуымен әлемге танылған «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестрінің ұйымдастырушысы, әрі бас дирижері, композитор, айрықша дарынын халық өнерінің өркенін өсіруге жұмсаған Нұрғиса Атабайұлы Есіл өңірін киелі өлке, мұнда өнер тарландарының туы тігілген деп таныды.

Ғазиза ИСАХАН



Фото Нұрғиса Тілендиевтің тың өлкесіне кезекті сапарынан. 1972 ж. наурыз айы.

№118 (4706) 03/10/2024 Бейсенбі

Айтулы күні қариялардың ерен еңбегін дәріптеп, оларға деген ыстық ықылас пен ілтипатты көрсетуде Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясында мерекелік концертті өтті. Оған Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, қалалық мәслихаттың төрағасы Ерлан Каналимов, Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Есілов, мәдениет қайраткерлері мен қалалық мәслихат депутаттары, ардагерлер және зейнеткерлер қатысты.

«Астанада 135 мыңнан астам зейнеткер тұрады. Олардың қатарында Ұлы Отан соғысы ардагерлері, тыл еңбеккерлері және әскери іс-қимылдарының өкілдері де бар. Үлкенді сыйлау мен оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан парызымыз. Халық арасында аузы дуалы, әңгімесі бәтуалы ақсақалдардың барында алауыздық болмайтыны, жастарымыз жөнсіз кетпейтіні белгілі» деді кешке арнайы қатысқан Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов.

Концерт шымылдығы Құрманғазының атақты «Сарыарқа» күйімен ашылды. Мерекелік іс-шарада қазақ оркестрі, «Шалқыма» халық би ансамблі және филармонияның жеке орындаушылары көрнекті қазақ композиторларының шығармаларын орындады. Олардың ішінде Нұргиса Тілендиевтің «Ата толғауы», Сыдық Мұхамеджановтың «Қырманға кел, қалқатай», Исаак Дунаевскийдің «Заздравная», Түркештің «Көңілашар» сынды халық сүйіп тыңдайтын туындылар орындалды. Кеш барысында «Алем» заманауи би ансамблі мен филармонияның жеке солистері тыңдармандарға ерекше әсерлі музыкалық және хореографиялық қойылымдар ұсынды. Концерттің көрігін халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары, ҚР еңбек сіңірген қайраткерлері Айтқали Жайымов, Арайлым Рахым, Ұлықпан Жолдасов, Майра Илиясова және Гүлнұр Оразымбетова сынды өнер майталмандары қыздыра түсті.

Мерекелік іс-шара Байқоңыр ауданының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығында «Қарттарымыз – қазынамыз» атты концертпен жалғасты.

«Біздің «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына 3000-ға жуық зейнеткер



ҚАЗЫНАЛЫ ҚАРТТАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

Астананың бірқатар аудандарында Халықаралық қарттар күні ерекше сипатта атап өтілді. Қарттарға құрмет көрсету мақсатында мерекелік концерттер мен танымдық іс-шаралар ұйымдастырылып, аға буын өкілдерінің еңбегі айрықша дәріптелді.

келеді. Олар зияткерлік және шығармашылық даму, дене шынықтыру және сауықтыру сабақтарын өтіп, ең бастысы, жылы қарым-қатынас жасап, жан-жақты қолдауға ие болады. Зейнеткерлер біздің қоғамға

және өскелең ұрпаққа не қажет екенін біледі, өйткені олар немерелерімен айналысып қана қоймай, конкурстарға, көрмелерге, концерттерге де қатысады» деді Байқоңыр ауданының әлеуметтік қызметтер

көрсету бөлімінің басшысы Роза Байсалбаева.

Концерт қонақтарына елорда зейнеткерлері жасаған бұйымдар ұсынылды. Көрмеде кілемдер, кестелер және басқа да шығармашылық жұмыстар ұсынылды.

«Мен орталыққа алғаш рет 2022 жылдың желтоқсанында келдім және мемлекетіміздің қарттарға қамқорлық жасағанына өте қуаныштымын. Мұнда өте қызықты, көптеген түрлі үйірмелер бар. Мен тоқу, тігу, жамау, киіз тоқумен айналысатын халық шығармашылығын таңдадым. Мұндай сабақтар қолдың ұсақ моторикасын дамытуға және жағдайды жақсартуға көмектеседі. Біз осы жаста пайдалы бола алатынымызға, шығармашылықпен айналыса алатынымызға, жақындарымызға өз қолымызбен сыйлықтар жасай алатынымызға қуаныштымыз. Біз мұнда тату отбасы сияқтымыз. Мерекелерді бірге өткіземіз, үйдегідей емен-жарқын сөйлесеміз және осында асығып тұрамыз» деді зейнеткер Айман Асмаева.

Қалалық Есіл ауданы әкімі аппараты, Есіл аудандық ардагерлер кеңесінің және «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының ұйымдастыруымен Астанадағы IT университетінің қабырғасында да мерекелік концерт өтті. Оған 100-ге жуық зейнеткер және қала тұрғындары қатысты. Ал концерттік бағдарлама аясында этно-мәдени ансамбльдер мен шығармашылық ұжымдар өз өнерлерімен қонақтарды қуантты.

«Қарты бар үйдің қазынасы бар» деген халықпыз. Осы кісілер арқылы тәрбие алған жас ұрпақ ертеңгі халқымыздың болашағына жұмыс істейді. Сондықтан да біздің қарттарымыз – жастардың қашанда жол сілтеушісі және қамқоршысы» дейді елордалық Есіл ауданы әкімі аппаратының әлеуметтік сала бөлімінің басшысы Назгүл Ахметова.

Ал Алматы ауданы әкімдігі зейнеткерлер үшін қаланың көрікті жерлеріне автобус экскурсиясын ұйымдастырды. Алматы ауданының «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығына келушілер үшін Red Bus екі қабатты автобуспен сапар ұйымдастырылды. Олар елорданың көрнекті жерлерін аралап, Тәуелсіздік алаңындағы «Қазақ елі» монументі, «Бәйтерек», «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасы, бас республикалық мешіт, «ЕХРО» халықаралық көрме орталығында болды.

«ҚАЙДАСЫҢ, ГАУҢАР?» САХНАЛАНДЫ



Құрманбек Жандарбеков атындағы Жетісай драма театры жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай «Қайдасың, Гауһар?» шығармасын Астанадағы Жас көрермендер музыкалық театрында сахналады.


Қазақстан театр кеңістігінде тұңғыш рет сахналанған шығарманың қоюшы-режиссері – Шағуан Үмбетқалиев. Қойылым дебюті аншлаппен, зерделі көрерменнің зор ықыласымен өтті. Астана қаласы әкімдігі атынан ықылас гүлі әкелінді. «Қазақтың классик жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың тамаша повесі желісінде жазылған дүние елордада тұңғыш рет сахналып отыр. Кешке Қазақ ұлттық өнер университеті «Театр өнері және өнертану» факультетінің студенттері, танымал әртістер, өнер жанашырлары қатысып отыр. Жетісай драма театрының Шығыс Қазақстан облысында жақында болатын XXX театрлар маусымының ашылуына орай осы тың дүниені алып бара жатқаны қуантады, сәттілік тілейміз» деді Астана қаласы әкімдігіне қарасты Жас көрермендер музыкалық театрының

директоры, көркемдік жетекшісі Асхат Маемиров.

Астана – еліміздің жүрегі, күретапыры ғана емес, ел мәдениетінің ордасы, өнер өркен жайып, қанаттандыратын орта. Өңірлерден, қалалардан келген өнер ұжымдары елорда сахнасында шеберліктерін шыңдап, тың ізденістерге жол ашады. Өнердегі бәсекеден гөрі тілеуестік, әріптестерді сынаудан гөрі болсын деген адал ниетті қамқорлық кештен айқын аңғарылып тұрды. Кеш қонақтары да, сахна иелері де ұлттық құндылықтарды ту еткен жаңа бір биікке, парасат биігіне көтерілгендей әсерде қалды.

Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуы – жазушының мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өткені де үлкен жетістік.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ



СМИТТИҢ СИМФОНИЯЛАРЫ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның Қ.Жұмакенов атындағы үрлемелі аспаптар оркестрі (көркемдік жетекшісі – Никита Почиталин, бас дирижері – Дархан Рахымғалиев) британ композиторы Роберт Смиттің шығармаларынан концерт ұсынды.

Роберт Смиттің үрлемелі және ұрмалы аспаптарға арналған туындыларын АҚШ, Канада, Еуропа, Аустралия, Оңтүстік Америка және Азияның ең үздік оркестрлері орындаған. Ал оның «Құдіретті комедия», «Одиссея», «Дон Кихот» симфониялары әлемнің жетекші музыкалық

сыншыларының жоғары бағасын алған. Өткен маусымда үрлемелі аспаптар оркестрі Роберт Смиттің «Құдіретті комедия» симфониясының премьерасын ұсынды. Осы жолы «Одиссея» және «Дон Кихот» симфонияларын ұсынды.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Шеф-редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №118

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-teklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР